

**«6D050400-журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тілепберген Ақмөлдір
Мақсатқызының «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропа публицистерінің шығармашылығындағы қазақ тақырыбы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Зерттеу жұмысының мазмұны Қазақстан Республикасының білім беру, ақпараттық кеңістік және мәдени саясат салаларындағы стратегиялық бағыттарымен үйлеседі. Диссертациялық зерттеу мемлекет тарапынан белгіленген бірқатар маңызды бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өту қажет. Атап айтқанда: – Қазақстан Республикасында 2023– 2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына (ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 19 маусымдағы №93-VIII Қаулысы) сәйкес ғылыми білімді жүйелеу мен білім сапасын арттыру мақсаттары жүзеге асырылады; – Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасының (ҚР Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы Жарлығы) қағидаттары негізінде ақпараттық қауіпсіздік пен қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал етеді;

			– Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025–2027 жылдарға арналған «Мәдениет және ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бағдарламасының (2025 жылғы 10 қаңтар) аясында мәдени мұра мен тарихи ақпаратты насихаттауға бағытталған. Осы бағдарламалармен сабақтас болуы диссертациялық еңбектің заманауи ғылыми талаптарға және ұлттық стратегиялық мүдделерге сай орындалғанын көрсетеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	А.М. Тілепбергеннің ғылыми-зерттеу жұмысы ғылым тарихының теориясы мен практикасын дамытуға елеулі үлес қосады. Әсіресе, қазақ қоғамындағы ішкі әлеуметтік процестерді, соның ішінде кеңестік тарихнамада идеологиялық себептерге байланысты назардан тыс қалған руаралық қақтығыстарды кешенді түрде талдаудың маңыздылығы арта түсуде. Бұл аспектілерді зерделеу көшпелі қоғамның құрылымын және оның ішкі динамикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Тақырыптың өзектілігі, сонымен қатар, жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық диалогтың тереңдеуі және посткеңестік кеңістікте Шығыс пен Батыс арасындағы өзара

			коммуникация ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігімен де айқындала түседі. XIX ғасырдың екінші жартысы – Батыс Еуропа елдерінің Орталық Азияға, соның ішінде Қазақ даласына деген қызығушылығы артып, геосаяси ғана емес, мәдени-этнографиялық тұрғыда да зерттеу нысанына айналған кезең. Бұл дәуірде Еуропа елдерінің публицистері мен зерттеушілері қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, отарлық езгіге қарсылығы, рухани дүниетанымы туралы жазбалар қалдырып, батыстық оқырманды кең даладағы көшпелі өркениетпен таныстыруға тырысты. Осы жазбаларда қазақ халқы көбінесе еркіндік сүйгіш, табиғатпен үйлесімді өмір сүретін, рухани дүниесі бай, сыртқы үстемдікке қарсы тұрарлық күшке ие этнос ретінде суреттелген. Қазақ тақырыбының Батыс Еуропа публицистикасындағы көркемдік және ақпараттық репрезентациясы қазіргі ғылыми дискурс тұрғысынан қайта пайымдалып, авторлық зерттеулермен сабақтастырыла отырып кешенді түрде талданды. Сонымен қатар, «Біртұтас Түркістан» идеясының тарихи және медиалық негіздері Батыс баспасөзіндегі қазақ бейнесі арқылы интерпретацияланды. Негізгі ғылыми нәтижелер және олардың жаңалығы келесідей: -тарихи-ретроспективті талдау
--	--	--	---

			нәтижесінде зерттелетін кезеңнің орыс және шетелдік баспасөз беттерінде қазақ тақырыбын дамытудың негізгі тенденциялары, мәселелері мен болашағы белгіленген; - саяси жер аударылғандардың жарияланымдарын ұсыну әдістері анықталған. Олардың публицистикасының ерекшелігі сөйлеу тақырыбын таңдауда және оны дамытуда көрінеді; Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Диссертация отандық журналистиканың даму тарихы туралы идеяны кеңейтуге мүмкіндік береді, өйткені ол шетелдік журналистикада қазақ тақырыбының пайда болуы мен дамуының бұрын зерттелмеген беттерін ашады. Сондықтан, ғылыми айналымға енгізілген нақты материал, автордың тұжырымдары, бағалары, ұсыныстары оларды зерттелетін мәселелер бойынша жалпылама еңбектер жасау кезінде пайдалануға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Зерттеуші А.М. Тілепбергеннің диссертациялық еңбегі ғылым тарихы саласындағы теориялық және қолданбалы аспектілерге айтарлықтай үлес қосатын іргелі зерттеу болып табылады. Әсіресе, қазақ қоғамындағы ішкі әлеуметтік құрылымдар мен кеңестік тарихнамада идеологиялық себептермен тасада қалған руаралық қарым-қатынастарды кешенді түрде зерделеуі — ғылыми қауымдастық
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

			үшін құнды жаңалық. Мұндай талдау көшпелі қоғамның тарихи-әлеуметтік динамикасын терең пайымдауға жол ашады. Сонымен қатар, жаһандық коммуникациялық кеңістіктегі Шығыс пен Батыс арасындағы мәдениетаралық өзара әрекеттестік мәселелері тұрғысынан зерттеу тақырыбының өзектілігі арта түсуде. XIX ғасырдың екінші жартысы – Батыс Еуропа елдерінің Орталық Азияға, оның ішінде Қазақ даласына деген ғылыми әрі мәдени қызығушылығы күшейген кезең. Осы уақытта еуропалық зерттеушілер мен публицистер қазақ халқының тұрмыс-салты, мінез-құлқы, отарлық үстемдікке қарсылығы мен дүниетанымы туралы жазбалар қалдырған. Бұл мәтіндер арқылы батыс оқырманы үшін қазақ қоғамы еркіндікті қадір тұтатын, табиғатпен үйлесімді өмір сүретін және рухани байлығы зор халық ретінде бейнеленген. Диссертациялық жұмыста Батыс Еуропа публицистикасындағы қазақ бейнесі көркемдік және ақпараттық репрезентация тұрғысынан сараланып, қазіргі ғылыми дискурспен ұштастырылған. Сонымен қатар, «Біртұтас Түркістан» идеясының медиалық және тарихи негіздері батыстық ақпарат кеңістігіндегі қазақ бейнесі арқылы интерпретацияланған. Зерттеу барысында алынған негізгі
--	--	--	---

			ғылыми нәтижелер төмендегідей: – тарихи-ретроспективті талдау негізінде XIX ғасырдағы орыс және шетелдік басылымдарда қазақ тақырыбының жариялану үрдістері мен дамуының бағыт-бағдары анықталған; – саяси жер аударылған тұлғалардың публицистикалық мұраларының ерекшеліктері айқындалып, олардың тақырып таңдау мен баяндау әдістеріне ерекше назар аударылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеуші А.М. Тілепбергеннің диссертациялық еңбегі ғылым тарихы саласындағы теориялық және қолданбалы аспектілерге айтарлықтай үлес қосатын іргелі зерттеу болып табылады. Әсіресе, қазақ қоғамындағы ішкі әлеуметтік құрылымдар мен кеңестік тарихнамада идеологиялық себептермен тасада қалған руаралық қарым-қатынастарды кешенді түрде зерделеуі — ғылыми қауымдастық үшін құнды жаңалық. Мұндай талдау көшпелі қоғамның тарихи-әлеуметтік динамикасын терең пайымдауға жол ашады. Сонымен қатар, жаһандық коммуникациялық кеңістіктегі Шығыс пен Батыс арасындағы мәдениетаралық өзара әрекеттестік мәселелері тұрғысынан зерттеу тақырыбының өзектілігі арта түсуде. XIX ғасырдың екінші жартысы – Батыс Еуропа елдерінің Орталық Азияға, оның ішінде Қазақ даласына деген ғылыми әрі мәдени қызығушылығы
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			күшейген кезең. Осы уақытта еуропалық зерттеушілер мен публицистер қазақ халқының тұрмыс-салты, мінез-құлқы, отарлық үстемдікке қарсылығы мен дүниетанымы туралы жазбалар қалдырған. Бұл мәтіндер арқылы батыс оқырманы үшін қазақ қоғамы еркіндікті қадір тұтатын, табиғатпен үйлесімді өмір сүретін және рухани байлығы зор халық ретінде бейнеленген. Диссертациялық жұмыста Батыс Еуропа публицистикасындағы қазақ бейнесі көркемдік және ақпараттық репрезентация тұрғысынан сараланып, қазіргі ғылыми дискурспен ұштастырылған. Сонымен қатар, «Біртұтас Түркістан» идеясының медиалық және тарихи негіздері батыстық ақпарат кеңістігіндегі қазақ бейнесі арқылы интерпретацияланған. Зерттеу барысында алынған негізгі ғылыми нәтижелер төмендегідей: – тарихи-ретроспективті талдау негізінде XIX ғасырдағы орыс және шетелдік басылымдарда қазақ тақырыбының жариялану үрдістері мен дамуының бағыт-бағдары анықталған; – саяси жер аударылған тұлғалардың публицистикалық мұраларының ерекшеліктері айқындалып, олардың тақырып таңдау мен баяндау әдістеріне
--	--	--	---

			ерекше назар аударылған. Зерттеудің теориялық маңыздылығы отандық журналистика тарихын кеңінен пайымдауға мүмкіндік береді. Әсіресе, шетелдік баспасөзде қазақ тақырыбының репрезентациясын зерттеу – осы уақытқа дейін ғылыми айналымда толық қамтылмаған бағыт болып табылады. Жинақталған нақты дереккөздер, авторлық талдаулар мен ұсыныстар – болашақта осы тақырып аясындағы іргелі еңбектерге негіз бола алады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы тандалған зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және мазмұндық-логикалық бірізділікпен сипатталады. Зерттеудің бірінші тарауында қазақ тақырыбының Батыс Еуропа публицистикасында алғаш рет көрініс табуы, бұл үдерістің тарихи алғышарттары мен мәдени контексті егжей-тегжейлі қарастырылған. Екінші тарау XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-тарихи болмысын сипаттайтын еуропалық деректерге негізделіп жазылған. Үшінші тарауда қазақ тақырыбының ғылыми және публицистикалық кеңістікте жалғасуы, сондай-ақ автордың мақалалары негізінде қазіргі зерттеу контексіндегі маңыздылығы талданған. Жалпы, жұмыс кіріспеден, үш негізгі бөлімнен,
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімінен тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Бұл диссертациялық зерттеудің негізгі мақсаты – Батыс Еуропа публицистикасында көрініс тапқан қазақ тақырыбының мазмұндық, идеялық және мәдени ерекшеліктерін кешенді түрде талдау. Сонымен қатар, аталған репрезентациялардың ұлттық сананың қалыптасуына және қазіргі ақпараттық кеңістіктегі дискурстарға ықпалын ғылыми тұрғыдан зерделеу көзделеді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу келесі міндеттерді шешуге бағытталған: – Қазақстан туралы алғашқы мәліметтердің Батыс Еуропа елдерінде таралу арналары мен тетіктерін сипаттау; – XIX ғасырдағы саяси және мәдени жағдайлар аясында қазақ халқына деген қызығушылықтың алғышарттарын анықтау; – еуропалық публицистер мен саяхатшылардың қазақ халқының мінез-құлқы, отарлық саясатқа қарсылығы мен дәстүрлі өмір салтына қатысты көзқарастарын талдау; – Батыс авторларының қазақтың тарихи тұлғалары мен рухани қайраткерлері туралы қалдырған деректерін жүйелеу; – автордың ғылыми жарияланымдары
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			негізінде қазақ тақырыбының ғылыми-публицистикалық жалғастығы мен зерттелу динамикасын көрсету.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыс құрылымдық тұрғыдан мазмұнды әрі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Оның барлық бөлімдері арасында ішкі логикалық байланыс пен идеялық сабақтастық сақталып, зерттеудің тұтастығын қамтамасыз етіп тұр. Алға қойылған ғылыми мақсат пен міндеттердің нақты тұжырымдалуы, зерттеу гипотезасының дұрыс құрылуы және алынған нәтижелердің теориялық тұрғыда негізделуі – жұмыстың ішкі үйлесімділігінің айқын көрінісі. Зерттеу тарауларының мазмұны бірін-бірі логикалық тұрғыдан толықтырып, Батыс Еуропа публицистерінің қазақ тақырыбына қатысты қалдырған жазбаларын жүйелі түрде байланыстыра отырып пайымдауға негіз қалайды. Автордың алға тартқан тұжырымдары мен ғылыми қорытындылары жұмыстың жалпы құрылымымен өзара сабақтасып, зерттеудің кешенді сипатын арттырады. Осыған орай, диссертациялық еңбек мазмұны мен әдістемесі жағынан толыққанды ғылыми зерттеу ретінде бағалауға лайық.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста ұсынылған әдістемелік жаңашылдықтар мен теориялық ұстанымдар алдыңғы ғылыми зерттеулермен салыстырыла

		1) сыни талдау бар;	отырып талданып, нақты дәлелдермен негізделген. Зерттеудің әдіснамалық платформасы шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ғылыми объектіге объективті және кешенді көзқарас қалыптастыруға бағытталған. Автор жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін ұтымды қолдана отырып, тарихи деректерді ретроспективті және салыстырмалы талдау арқылы пайымдай білген. Зерттеу барысында XIX ғасырдағы еуропалық және отандық авторлардың тұжырымдамалары қазіргі ғылыми парадигма тұрғысынан қайта қарастырылып, уақыт сынынан өткен теориялық-методологиялық принциптермен — тарихилық, нақтылық және объективтілік талаптарымен сабақтастырылған. Мұндай әдістемелік ұстаным зерттеліп отырған мәселенің өзектілігін нақты айқындап қана қоймай, ғылыми мәселені жүйелі және дәлелді түрде шешуге мүмкіндік береді.
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	А.М. Тілепбергennің диссертациялық еңбегіне жүргізілген талдау оның негізгі ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерінің жаңалығы бар екенін айғақтайды. Автор ұсынған концепциялар зерттеу нысанына жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Нақты айтқанда: Бірінші нәтиже. XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистикасында қазақ
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			тақырыбына деген қызығушылық көбіне империялық геосаяси мүдделер, этнографиялық таным мен экзотикалық елес аясында қалыптасқан. Бұл мәтіндерде қазақтар еркін көшпелі халық ретінде, табиғатпен үйлесімде өмір сүретін, бірақ батыстық өркениеттен тыс орналасқан этнос ретінде сипатталған. Бұл нәтиже бұрынғы ғылыми жіктеулерді жаңаша пайымдау арқылы алынғандықтан, жартылай жаңа деп бағаланады. Екінші нәтиже. Еуропалық авторлар қазақ халқының дәстүрі, ауыз әдебиеті, поэзиясы мен әдет-ғұрыптарын ұлттық болмыстың ерекше көрінісі ретінде сипаттаған. Бұл фольклорлық элементтер олар үшін ерекше танымдық қызығушылық тудырған. Бұл тұжырым жартылай жаңа, себебі бұрыннан белгілі тарихи деректер жаңа аналитикалық талдаумен байытылған. Үшінші нәтиже. Еуропалық публицистикалық мәтіндерде қазақ халқы жөніндегі көзқарастардың бірізді болмағаны байқалады. Мәселен, ағылшын және неміс авторлары зерттеу нысанына ғылыми-этнографиялық тұрғыдан қараса, француз және венгр публицистері көбіне көркем-публицистикалық әдісті қолданған. Бұл салыстырмалы талдау жартылай жаңашылдыққа ие әрі
--	--	--	---

		ғылыми-практикалық мәні бар. Төртінші нәтиже. Шетелдік авторлар еңбектерінде қазақ қоғамына қатысты отаршылдық дискурс белгілері жиі кездескенімен, осы мәтіндерде империялық үстемдікке қарсы еркіндікке ұмтылған ұлттық рухтың көріністері де қатар бейнеленген. Автор бұл күрделі мәдени шиеленістерді бұрынғы қарама-қайшы тұжырымдарға қарсы дәйекті дәлелдермен негіздеген. Сондықтан бұл нәтиже де жартылай жаңа деп танылады. Бесінші нәтиже. Қазақ тақырыбы Батыс публицистикасында тек зерттеу нысаны емес, сонымен қатар «мәдениаралық диалог» алаңындағы толыққанды субъект ретінде көрініс тапқан. Бұл тәсіл қазақ халқының тарихи-рухани келбетін халықаралық деңгейде танытқан алғашқы дискурстардың бірі ретінде бағаланады. Аталған нәтиже толықтай жаңа, әрі ғылыми-практикалық құндылығы жоғары.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 1-курс студенттеріне арналған «6В03201-Журналистика» мамандығы бойынша «Шетел журналистикасы» пәніне «Батыс Еуропа публицистерінің
	1) толығымен жаңа;	
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» атты жаңа дәріс енгізілуі — диссертациялық жұмыстың маңызды жаңалығы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында XIX ғасырдағы саяси және мәдени жағдайлар мен қазақ халқы туралы Еуропа елдеріндегі қызығушылықтың себептері жан-жақты анықталды. Сонымен қатар, еуропалық публицистер мен саяхатшылардың қазақтардың мінез-құлқы, отарлық қысымға төтеп беру тәсілдері мен тұрмыс-салттары жөніндегі жазбалары мұқият талданып, жүйеленді. Осылайша, қазақ халқының тарихи тұлғалары мен рухани жетекшілері туралы Батыс авторлары қалдырған деректер де кешенді түрде сарапталды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертацияның өзектілігі мен маңыздылығы оның техникалық және технологиялық шешімдерінде айқын көрініс табады. Жұмыста ұсынылған әдістемелік тәсілдер – ақпарат көздерін тиімді пайдалану, тарихи деректерді жариялау барысында этикалық принциптерді сақтау және журналистік зерттеу әдістері – бүгінгі ғылыми деңгейге сай, жаңашыл әрі теориялық және практикалық тұрғыдан негізделген шешімдер ретінде қарастырылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі қорытындылар толық ғылыми негізделген және жеткілікті деректермен расталған. Автор қорытындыларды өз бетінше жүргізген ғылыми зерттеу нәтижесінде қалыптастырған. Зерттеу барысында сенімді ақпарат көздері – оның ішінде Қазақстан мен шет елдердің зерттеулері, медиамәтіндер (мақалалар, саяхатшылардың күнделіктері мен естеліктері) кеңінен пайдаланылған. Сонымен қатар, сапалық зерттеу әдістері жүйелі түрде қолданылып, алынған мәліметтер жан-жақты талданған. Мұндай тәсіл зерттеу нәтижелерінің ғылыми сенімділігі мен практикалық маңыздылығын қамтамасыз етеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма?	Диссертацияда келтірілген 5 негізгі тұжырым тезистер түрінде қорытындыланды: 1-тұжырым: XIX ғасырдағы Батыс Еуропа публицистикасында қазақ тақырыбына деген қызығушылық империялық геосаяси мүдде, этнографиялық таным және экзотикалық елес тұрғысынан қалыптасты. Бұл публицистикалық мәтіндерде қазақ халқы көбіне еркін көшпенді, табиғатпен етене, бірақ «өркениеттен тыс» бейне ретінде ұсынылды. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес

		1) ия;	7.3 Жаңа
		2) жоқ;	7.4 Қолдану деңгейі кең
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.5 Мақалада дәлелденген
		7.4 Қолдану деңгейі:	2-тұжырым: Қазақ халқының рухани-мәдени бейнесі (дәстүр, ауыз әдебиеті, поэзия, әдет-ғұрып) еуропалық авторлар үшін ерекше танымдық қызығушылық тудырып, олар бұл фольклорлық элементтерді ұлттық болмыс белгісі ретінде көрсетті (мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», Абай, Жамбыл шығармаларының аудармалары).
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
			7.1 Дәлелденді
			7.2 Тривиалды емес
			7.3 Жаңа
			7.4 Қолдану деңгейі кең
			7.5 Мақалада дәлелденген
			3-тұжырым: Батыстық авторлардың еңбектерінде қазақтар жайлы пікірлердің бірізді еместігі байқалды. Ағылшын мен неміс зерттеушілері көбінесе ғылыми-этнографиялық бағытта жазса, француз және венгр авторлары көркем-публицистикалық әдіс арқылы сипаттауға бейім болды.
			7.1 Дәлелденді
			7.2 Тривиалды емес
			7.3 Жаңа
			7.4 Қолдану деңгейі кең
			7.5 Мақалада дәлелденген
			4-тұжырым: Шетелдік публицистердің еңбектерінде қазақ

			қоғамына қатысты отарлық көзқарас элементтері жиі кездеседі. Алайда бұл дискурстарда империялық үстемдік пен қазақтардың еркін рухы арасындағы күрделі мәдени шиеленістер де көрініс тапты. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген 5-тұжырым: Қазақ тақырыбы Батыс публицистикасында тек объект ретінде ғана емес, сонымен қатар «мәдениаралық диалог» кеңістігінің субъектісі ретінде танылады. Бұл қазақ халқының тарихы, руханияты және әдебиетін халықаралық деңгейде танытқан алғашқы дискурстардың бірі болды. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертацияның әдіснамалық және теориялық базасы шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне негізделіп, зерттеуге ғылыми әрі объективті тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретін жалпы және арнайы ғылыми әдістер кешенінен тұрады. Зерттеу нысаны үздіксіз даму мен өзгеріс кезеңіндегі процесс ретінде
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

			карастырылған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:		Диссертацияда тарихи материалды зерттеуде ретроспективті және салыстырмалы әдістердің жалпы ғылыми қағидалары жүйелі түрде қолданылды. Зерттеу әдістемесі ХІХ ғасырдағы отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына негізделіп, қазіргі ғылыми платформаға сәйкес, уақытпен дәлелденген және объективтілік, тарихизм, нақтылық принциптерін ұстана отырып әзірленді. Бұл тәсіл зерттелетін тақырыптың өзектілігін айқындап, белгілі бір ғылыми мәселеге қатысты мүмкіндігінше толық және сенімді фактілік материалды жинақтауға бағытталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):		Қазақ тақырыбының Батыс Еуропа публицистикасындағы көркемдік әрі ақпараттық бейнеленуі қазіргі ғылыми дискурс аясында қайта қаралып, авторлық зерттеулермен үйлесімді түрде кешенді талдауға тартылды. Сонымен қатар, «Біртұтас Түркістан» идеясінің тарихи және медиалық негіздері Батыс баспасөзіндегі қазақ бейнесі контекстінде интерпретацияланды.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.		Зерттеу жұмысының негізгі теориялық тұжырымдары толықтай дәлелденген, себебі автор қазіргі заманғы өзекті әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге — монографияларға, ғылыми мақалаларға және диссертациялық еңбектерге

			негізделген. Барлық қолданылған дереккөздер нақты көрсетіліп, дәйексөздер орынды және дәлме-дәл берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Зерттеуде пайдаланылған ғылыми әдебиеттер көздері зерттеліп отырған тақырып бойынша толыққанды әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертация авторы тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне аналитикалық және сыни шолу жүргізген
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеуде қолданылған ғылыми әдебиеттердің көлемі және сапасы зерттелетін тақырып бойынша жан-жақты әдеби шолу жүргізуге толық мүмкіндік береді. Диссертация авторы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне қатысты аналитикалық әрі сыни тұрғыдан талдау жасап, олардың көзқарастарын жан-жақты қарастырған. Сонымен қатар, диссертацияның әдіснамалық және теориялық негізін шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері құрап, зерттеуге ғылыми және объективті көзқарас қалыптастыруға септігін тигізетін жалпы және арнайы әдістер кешені қолданылған. Зерттеу нысаны — дамып, өзгертін процесс ретінде қарастырылған.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижесінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 1-курс

		1) ия;	студенттеріне арналған «6В03201-Журналистика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасына міндетті пән ретінде «Шетел журналистикасы» пәніне «Батыс Еуропа публицистерінің шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» атты жаңа дәріс енгізілді.
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда берілген практикалық тұжырымдар мен ұсыныстар жаңашыл сипатқа ие болып, өзектілігі жоғары екенін дәлелдейді. Олар журналистік зерттеулерде қолданылуы жағынан маңызды маңызға ие. Зерттеу аясында оқу бағдарламасына енгізілген өзгерістер болашақ журналистерге журналистиканың тарихына тереңірек үңіліп, шетелдік авторлардың қазақ халқы туралы қалдырған пікірлерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жаңартылған пән мазмұны студенттердің кәсіби біліктілігін арттырып, ғылыми тұрғыда тереңірек зерттеу жасауға жағдай жасайды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Жұмыстың баяндау стилі ғылыми талаптарға сай келетін сипатта берілген, ал диссертацияның ұғымдық-терминологиялық аппараты зерттеу тақырыбы мен мәселесін нақты және дұрыс ашып көрсетеді. Мәтін логикалық құрылымдалған, дәлелді аргументтермен нығайтылған және ойлар айқын әрі жүйелі түрде баяндалған. Жұмыстың баяндау стилі ғылыми
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

			талаптарға сай келетін сипатта берілген, ал диссертацияның ұғымдық-терминологиялық аппараты зерттеу тақырыбы мен мәселесін нақты және дұрыс ашып көрсетеді. Мәтін логикалық құрылымдалған, дәлелді аргументтермен нығайтылған және ойлар айқын әрі жүйелі түрде баяндалған. Жұмыстың баяндау стилі ғылыми талаптарға сай келетін сипатта берілген, ал диссертацияның ұғымдық-терминологиялық аппараты зерттеу тақырыбы мен мәселесін нақты және дұрыс ашып көрсетеді. Мәтін логикалық құрылымдалған, дәлелді аргументтермен нығайтылған және ойлар айқын әрі жүйелі түрде баяндалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Осы тақырыптағы қазіргі таңдағы ғылыми деректерге сараптамалық талдау жасалғанда ғылыми жұмыстың практикалық маңызы одан ары арта түсер еді. Бірақ, бұл ескертулер зерттеудің ғылыми-теориялық және практикалық мазмұнына әсер етпейді және жұмыстың жалпы сапасына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеудің негізгі қорытындылары мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, сондай-ақ халықаралық конференциялардың материалдарында кеңінен жарияланып, талқыланды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және

			жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда — 3 мақала, халықаралық конференцияларда — 3 баяндама, сондай-ақ Scopus ғылыми журналдарының халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда — 1 мақала жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тілепберген Ақмөлдір Мақсатқызының «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Еуропа публицистерінің шығармашылығындағы қазақ тақырыбы» атты диссертациялық жұмысын зерттей отырып, оның өзекті мәселелерді көтеріп, ғылыми негізде жүйелі түрде талданғанын байқадым. Автор зерттеу мақсатын нақты анықтап, қойылған міндеттеріне сәйкес теориялық және практикалық тұжырымдарға жеткен. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен мазмұны зерттеу талаптарына толық сай келеді. Осы себепті диссертациялық жұмысты философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп бағалаймын.

Ресми рецензент:

ф.ғ.к., Л.Н Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Баспасөз және баспа ісі кафедрасының

доценті



Есдаулетов Айтмуханбет Оразбайұлы